

Павлодар спирт зауыты туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 сәуір 1993 ж. N 293

Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын ас спиртімен қамтамасыз ету және Павлодар қаласындағы спирт өндіретін жабдықтарды іске қосу мерзімінің бұзылуына жол бермеу мақсатында Австрия несие желісінің шеңберіндегі "Қазақстан" Сыртқы экономикалық ассоциациясы "Ледекс" (Австрия) фирмасы арасындағы 1992 жылғы 10 шілдедегі АС-1905/38-147 контрактіге сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономикамині, Сыртқы

экономикалық байланыстар министрлігі мен "Қазтамақөнеркәсіп" МКБ-і Павлодар спирт зауыты жобалық қуатына шыққан күннен бастап, 5 жыл мерзім ішінде дайын өнімінің 50 проценті мөлшерінде абсолюттік ас спирті мен құрғақ төпті экспортқа шығаруға жыл сайын лицензия бөлінуін қарастыратын болсын.

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1994.11.02. N 1219 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі